

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ № 48 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L. N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
INTERNATIONAL TURKIC ACADEMY
A. BAITURSYNOV SCHOOL-LYCEUM № 48

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2022
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК САБАҚТАСТЫҒЫ»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

PROCEEDINGS
of the international scientific and practical conference
«THE SCIENTIFIC HERITAGE OF AKHMET BAITURSYNULY AND THE
INTELLECTUAL CONTINUITY OF NEW KAZAKHSTAN»

Астана қаласы

ӘОЖ 001
КБЖ 72
А 94

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: **Сыдықов Е.Б.**

Редакция алқасы: **Д. Қамзабекұлы, А. Бейсенбай, Қ. Маликов, Б. Әбдуәлиұлы** (дәстүрлі «А.Байтұрсынұлы оқуларының» үйлестірушісі), **Садықова З.Ж., Нүрәлиева С.С.**

А 94 **Ахмет Байтұрсынұлы оқулары – 2022. «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы және Жаңа Қазақстанның зияткерлік сабақтастығы»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 322 б.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**The scientific heritage of Akhmet Baitursynuly and the intellectual continuity of New Kazakhstan**». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 322 p.

ISBN 978-601-337-709-4

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция биылғы 2022 жылы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналды. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337-709-4

ӘОЖ 001
КБЖ 72

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2022

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЖҰРНАҚТАРДЫҢ БЕРІЛУ МӘСЕЛЕСІ

*ШОҚАБАЕВА С.С.,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті,
филология ғылымдарының кандидаты,
Астана, Қазақстан*

Аннотация. В статье рассматриваются аффиксы в трудах выдающего ученого лингвиста 20-30 годов XX века А.Байтұрсынова. Так же предусматриваются характеристика описания аффиксов в его трудах. Целью статьи является определить важность трудов А.Байтұрсынова в исследовании данной проблемы.

Abstract. The article deals with affixes in the works of the outstanding linguist of the 20-30s of the XX century A. Baitursynov. The description of affixes in his writings is also provided. The purpose of the article is to determine the importance of the works of A. Baitursynov in the study of this problem.

XX ғасырда жасаған қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерінің еңбектерін, қалдырған мұраларын сөз еткенде, ең алдымен, А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, т.б. сынды ірі тілші ғалымдардың есімі тілге оралады. Олардың ішінде сан қырлы ғалым, М.Әуезов сөзімен айтсақ, қазақтың «рухани көсемі» Ахмет Байтұрсынұлының орны бір төбе.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің көптеген мәселелеріне қалам тербеп, тілдің қазірде қолданылып жүрген салаларына қатысты сан алуан ғылыми терминдер енгізгені белгілі. Біз мақалада ғалымның «Тіл – құрал» еңбегінен қазақ тіл білімінің морфология саласына, атап айтқанда, қосымшалар жайлы пікіріне, жұрнақтардың қызметіне, берілу сипатына қатысты ой-пікірлеріне тоқталмақпыз.

"Қосымша" терминін қазақ тіл біліміне енгізіп, оның негізін салған белгілі ғалым А. Байтұрсынұлы болды. Автор "Тіл – құрал" еңбегінде былай деп жазады: «Қосымшалар дегеніміз сөз емес, сөзге жалғанатын буындар. Бұларда өз алдына мағана жоқ, басқа сөзге жалғанбай бөлек айтылмайды да, сондықтан бұлар қосымшалар деп аталады. Қосымшалар екі түрлі: біреулері жалғанған сөздің тұлғасын ғана өзгертіп, мағанасын өзгертпейді. Екіншілері жалғанған сөзінің тұлғасын да, мағанасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқы қосымшалар тысқарғы жалғаулар не тікелей жалғау деп аталады, екінші қосымшалар ішкергі жалғаулар не тікелей жұрнақ деп аталады» [1; 154].

Сол кезде «қосымша» терминіне қатысты ғалымдардың пікірі бір ізді болмады. Мәселен, ірі ғалым Қ. Жұбанов "Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер" еңбегінде "жұрнақ" терминінің орнына "үстеу" деп қолдануды жөн санайды: "...өзінің жалғанған түбіріне тек мағына үстеп қана қоятын түрін жұрнақ деп атағаннан гөрі, осы мағына үстейтінін көрсету үшін үстеу деп атау, әрине, қолайлы. Осыны ескеріп, жұрнақ деген терминнің қолайсыздығын ойлап, оны тастап, босап қалған үстеу деген терминді осы жұрнақтың орнына бердік. Сөйтіп, қосымша екі түрлі болатын болды да, оның бір түрін жалғау, бір түрін үстеу деп атадық,"- деп, үстеу терминін қолдануды қолайлы деп есептейді [2; 234].

Сонымен қатар, қосымшалардың осылай жіктелуі С.Аманжоловтың "Қазақ тілінің грамматикасында", одан кейін шыққан қазақ тілінің грамматикаларында кездеседі. Онда қосымшалар жұрнақ және жалғау деген екі топқа бөлініп қарастырылған [3; 104].

Қазіргі қазақ тілінде қазіргі уақытта Ахмет Байтұрсынұлының "жұрнақ", «жалғау» терминдерін қолдану қалыптасқан.

Ахмет Байтұрсынұлының “Тіл – құрал” еңбегінде жұрнақтардың берілуі мәселесіне келейік. “Тіл – құрал” еңбегінде автор жұрнақтарды әр сөз табына қатысты топтап, олардың әрқайсысына мысалдар келтіріп, соңынан әр жұрнақтың ерекшелігіне байланысты ескерту берген. Мысалы, зат есім бойынша -шы, -лық, -шылық, -шыл, -шық (-шік), -ша (-ше), -қой (-көй, -гөй), -нікі (-дікі), -лы (-ды, -ты), -сыз, -лас, -еке, -шаң (-шең), -а (-е), -ла (-ле, -да, -де, -та, -те), -ғар (-қар, -кер), -сын, -шыла (-шіле), -қ (-к), -гер, -дай, (-дей), -дағы (-дегі). Сын есім бойынша: -лау (-леу, -дау, -деу, -тау, -теу), -шыл (-шіл), -лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік), -шылық (-шілік), -ла (-ле, -да, -де, -та, -те), -ар (-ер), -сын. Сан есім бойынша: -тық (-тік), -ла (-ле, -да, -де, -та, -те). Етістік бойынша: -у, -м, -с, -ш, -мсақ (-мсек), -аған (-еген), -шақ (-шек), -қақ (-ғақ), -қыш (-ғыш, -кіш, -гіш), -қыр (-ғыр, -кір, -гір), -уыш, -гі, -қ (-к), -қын (-ғын), -ма (-ба, -ме, -бе), -мал, -мақыл (-бақыл, -мекіл, -бекіл), -ақ (-ек), -н, -лық (-лік), -уыл (-уіл).

Тілші ғалымның жұрнақтарға берген сипаттамасын қарастырғанда, назар аударатын тұс – ғалымның кейбір жұрнақтардың бірнеше сөз табына ортақ болатынына да көңіл бөлгендігі. Мәселен, -шаң жұрнағына мынадай ескерту береді: “”Шаң” (шең) жұрнақ басқа мағанада да жүреді, яғни зат есімге жалғанады басқа мағана туғызу үшін, мәселен, “ашу” деген сөзге “шаң” жұрнағын жалғап, “ашушаң” дейміз: ашуы оңай пайда болғандығын көрсету үшін, “тер” деген сөзге “шең” жұрнағын жалғап, “тершең” дейміз: тері тез шығатындығын көрсету үшін; “кір” деген сөзге “шең” жұрнағын жалғап, “кіршең” дейміз: кір оңай қонатындығын көрсету үшін.

Сүйтіп, “шаң” (шең) жұрнақ зат есіміне жалғанады: сол заттың оңай пайда болғандығын көрсету үшін де”[1; 215-216]. Бүгін де бұл мәселе жұрнақтардың бірнеше сөз табына ортақтығы деп танылып, жиі айтылып та, жазылып та жүр.

Сонымен қатар, автор кейбір жұрнақтардың құранды форма екенін атап көрсеткен. Мысалы, “шылық” жұрнағы туралы: “Бұл “шылық” (шілік) жұрнағынан “балықшылық”, “егіншілік” деген сөздердегі “шылық”, “шілік” жұрнақтарын айыру тиіс, үйткені бұлардағы “шылық” екі жұрнақтан болған: “шы” хәм “лық” (балықшы-лық, егінші-лік) хәм бұлар заттың жай ғана қалпын көрсетеді.” деп жазады [1; 213].

Әр жұрнақтың жазылу емлесіне де жеке-жеке тоқталған. Мәселен, ғалым “лық” жұрнағының жазылу емлесі жайлы былай дейді: “Бұл жұрнақ сөздің аяғы дауысты дыбыс немесе жарты дауысты дыбыс болса, осы “лық” күйінде жалғасады; мәселен: бала-балалық, жабы-жабылық, жау-жаулық, қу-қулық, бай-байлық” [1; 184].

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлы “Тіл – құрал” еңбегінде жұрнақтардың мынадай сипат-белгісін көрсеткен:

- 1) орны
- 2) қызметі
- 3) жазылу емлесі
- 4) құрамы (құранды немесе жалаң)

Демек, қазірде қосымшаларға қатысты айтылып жүрген кейбір пікірлер Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде айтылған. Ғалым еңбектерінің құндылығы, өзектілігі соншалық, бүгінгі күнге дейін ғылыми еңбекке, тұжырымға ден қойғанда, Ахметтің еңбектерін басшылыққа алатын тұстар баршылық. Бұның өзі тілші ғалым қалдырған мұралардың өміршеңдігін, кең өрістілігін дәлелдей түседі.

Қазіргі таңда тіл білімінде қосымша морфемалардың түрлері көп, әр тілде әр түрлі аталатыны белгілі. Мәселен, түркологияда қосымшалар "аффикс" терминімен аталса, қазақ тіл білімінде "қосымша морфема", "қосымша", "аффикс" болып қолданылады. Қазақ тілінде жұрнақ қызметі мен мағынасына қарай сөз тудырушы және форма тудырушы болып жіктеледі. Сөз тудырушы жұрнақ белгілі бір сөздер тобына жалғанып, олардың лексикалық мағынасын өзгертіп, жаңа мағыналы сөз тудырады. Форма тудырушы жұрнақ

жалғанған сөзінің лексикалық мағынасын өзгертпейді, оны түрлендіріп, жаңа грамматикалық мағына үстейді.

“Жалғау – сөз тіркесіндегі сөздерді өзара байланыстыру үшін есімдер мен етістіктерге жалғанатын қосымша” [4; 244].

Ал орыс тіл білімінде қосымша морфемалар «аффикс» деп жалпы аталып, түбірге жалғануына қарай түбір алды (приставка), түбірден соң жалғанатын (постфикс), түбірлерді байланыстыратын (интерфикс), түбір ішінде сақталатын, дауыссыз дыбыстардан тұратын түбірді ыдыратушы (трансфикс), префикс пен жұрнақтардың комбинациясынан тұратын (конфикс) немесе циркумфикс болып бөлінеді [5; 54].

Демек, аффикс терминінің тілдерде қолданылу өрісі, қамтитын мағынасы, ол туралы түсінік бір ізді емес. Нақты айтқанда, қазақ тіл білімінде бұл термин «қосымша» терминіне балама болып, сөз тудырушы және сөз түрлендіруші жұрнақтардың жалпы атауы болса, орыс тіл білімінде бірнеше, тіпті көптеген қосымша морфемалардың жалпы атауы болып табылады әрі қолданылу өрісі, мағынасы кең. «Тіл білімі сөздігінде» берілген анықтамасы мынадай: «Аффикс (лат.affixus – жалғанған) ағылшынша affix, французша affixe, немісше Affix – морфологиялық деривация процестерінде Түбірге жалғанатын қосымша Морфема. Аффикс – грамматикалық және сөзжасам мағыналарының берілу жолдарының бірі (орыс тілінде дом-ик-и; қазақ тілінде адам-дар)» [5; 54].

Аталған терминмен қатар «аффиксоид» термині де қолданылады. «Краткий справочник по современному русскому языку» атты еңбекте бұл терминге төмендегідей анықтама берілген: «Аффиксоиды» – условное обозначение сочетаний корней с аффиксами типа – вид-н (змеевидный) и корней типа само, -которые регулярно используются при образовании сложных и сложносуффиксальных слов» [6; 181].

1973 жылы қорғалған Ә.Төлеуовтің «Проблемы синтетического способа словообразования имен существительных и прилагательных в казахском языке» деп аталатын докторлық диссертациясында автор аффикстер жайын баяндай келіп, араб-парсы тілдерінен енген «хана», «кер» жұрнақтарын аффиксоид деп атайды [7].

Бұдан шығатын қорытынды, **біріншіден**, тіл білімінде қосымша морфемалардың түрлері көп және олардың ішінде бір тобы белгілі бір тілдерде кездессе, басқа бір тілдерде кездеспейтін түрлері де бар. Мысалы, орыс тіл білімінде аффикс, аффиксоид, суффикс, суффиксоид, радикал, унификс, префикс, постфикс, конфикс, интерфикс, трансфикс сияқты түрлері болса, түркологияда аффикс, қазақ тіл білімінде аффикс, аффиксоид, қосымша, жалғау, жұрнақ деп аталатын түрлері кездеседі. **Екіншіден**, қазақ тіл білімінде “қосымша морфемалардың” атаулары бір ізге түсіруді қажет етеді. Жұрнақтың орнына аффикс терминін қолдану дұрыс па әлде бұрыс па деген сұрақ туындайды.

Ғылыми термин жарыспалылықты көтермейді, сондықтан әр терминнің орынды қолданылғаны абзал. Кезінде Ахаң еңбегінде көрсетілген қосымшалардың жіктелімінің дұрыстығын уақыттың өзі көрсетіп отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі. 1992. – 448 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым. 1998. – 581 б.
3. Аманжолов С. Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім. – Алматы: Қазмембас. 1939.
4. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты. 1998. – 509 б.
5. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым. 1998. – 350 б.
6. Краткий справочник по современному русскому языку. – Москва: Высшая школа. 1991. – 383 с.
7. Тулеуов А. Проблемы синтетического способа словообразования имен существительных и прилагательных в казахском языке: автореферат дисс. ... докт.филол.наук. – Алма-ата. 1973. – 78 с.